

ЕГЕМЕН

АСТАНА

АЛАШТЫҢ ӘЛИХАНЫ

XX ғасырдың басында Алаштың Әлиханы аталып, Ресейдің алдыңғы қатарлы зиялы қауымына да аты мәшһүр болған аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейхан өмірінің соңғы он жылында Мәскеуге жер аударылып, өз пәтерінде “үй тұтқынында” ұстатылып, 1937 жылдың 27 қыркүйегінде өлім жазасына кесіліп, сол күні атылуының шынайы себептерін бүгінгі ұрпақ біле бермейді.

Әлихан Бөкейхан 1870 жылы бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысына қарасты 7-ші ауылда, қазақ хандарының тікелей ұрпағы Нұрмұхамедтің отбасында дүниеге келген еді. Халықтың бай ауыз әдебиеті мен Шығыстың қисса-дастандарын жақсы білетін, ұлы Абайдың асқақ ойлы шығармалары мен оның талантты шәкірттерінің туындыларын жаттап өскен ортада бой түзеген Әлихан үш кластық бастауыш мектепті, уезд орталығындағы үш жылдық училищені, Омбы қаласындағы төрт жылдық техникалық училищені де ойдағыдай бітіреді. Өте жақсы оқуы және ерекше тәрбиелілігі арқасында ол 1890 жылы Дала генерал-губернаторы кеңсесінің ұсыныс-хатымен Санкт-Петербург Императорлық орман институтына түседі.

Туасы зерек Әлихан Бөкейхан студент кезінде-ақ Ресей орталығындағы саяси жағдайлардан тыс қала алмады. Сабақтан тыс кездерде марксизм іліміне ден қойып, қызу пікірталастарда оның экономикалық материализм қағидаларын қорғайды. Қоғамдық белсенділік танытып, әртүрлі студенттік толқуларға да араласады. Мұның барлығы болашақ Алаш көсемінің Ресейдің мемлекеттік құрылымын, оның қазақ даласындағы отаршылдық саясатының қыр-сырын тереңірек түсінуіне игі ықпал етеді.

Оқуын ойдағыдай бітіріп, ормантанушы ғалым, экономист мамандығын алған Әлихан Бөкейхан Омбыға оралып, осында 14 жыл тұрады, қаланың қоғамдық өміріне қызу араласып, осындағы прогресшіл, демократиялық ұстанымдағы зиялы қауыммен қауышады. Олардың арасында саяси көзқарастары үшін орталықтан жер аударылғандар да бар болатын.

Мұның барлығы оның ғылыми-теориялық жағынан толыса түсіп, саяси күрескер ретінде қалыптасуына айрықша ықпал етеді.

Қазақ халқының аса бір маңызды тарихи кезеңінде саяси сахнаға шыққан Әлихан Бөкейхан ұлтының санасын оятуға айрықша әсер етті, оның әлеуметтік-саяси өміріндегі бұрынсоңды болмаған ерекше жаңалықтардың, тағдырлы оқиғалардың басы-қасында болды, оны ұйымдастырды, соған жетекшілік жасады. Сондықтан да оған көсем, ұстаз, тұңғыш, бірінші, айрықша деген теңеулер жараса кетеді. Бұл сапалық көрсеткіштерге толық негіз бар еді.

Қазақ тарихы Ресейдің отарлық езгісіне қарсы жүргізілген сан түрлі ұлт-азаттық қозғалыстар мен күрестерді біледі. Кіші жүз қазақтарының Сырым Датов, Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов бастаған көтерілістері, 1837-1847 жылдарғы Кенесары ханның басшылығымен болған көтеріліс және Сырдария қазақтарының Жанқожа Нұрмұхамедов басқарған көтерілістері халқымыздың жадында мәңгілік орын алған. Алайда Алаш қозғалысы өзінің саяси топ басшылары, қозғаушы күші мен алдына қойған мақсаты жағынан қазақ тарихындағы қозғалыстардың ең маңыздысы әрі жоғары деңгейде ұйымдасқаны еді. Ол отарлық саясаттың езгісіне, соның салдарынан туындаған қоғамдағы өктемдік пен әділетсіздікке қарсы шыққан қазақ халқының жаңаша түрдегі ұйымдасқан іс-әрекеті, кезеңге сай ұлттық санасының оянуының қоғамдық көрінісі болатын.

Алаш қозғалысының бұрын-соңды болған басқа ұлт-азаттық қозғалыстардан басты артықшылығы, жер және билік мәселесімен қатар, ұлттық болмыс пен құндылықтарды сақтау және оларды заман талабына сәйкес етіп бейімдеу мәселесін көздеуінде болды. Ол күрес жолында саяси демократиялық партия мен ұлттық дербес мемлекет құру деңгейіне шейін көтерілді.

Әлихан Бөкейхан – қазақтың жаңа тұрпатты ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Бұл қозғалыс Әлекең бастаған саяси топ басшыларының ойлап тапқаны емес. Бұл да патшалық

Ресейдің отарлық саясатының езгісінен, өктемдігі мен әділетсіздігінен туған заңды құбылыс болатын.

Ресей империясы қазақты тиісті өзіндік өсіп-өркендеу жолы бар этностық қауым ретінде орыс халқымен тең көрмеді. Ең бірінші, оны жерінен айыруға тырысты. Патшаның жергілікті әкімшілігінің күшімен қоныстанушыларға ежелгі тұрғындардың атақоныстары, оты-суы мол, ең шұрайлы, шөбі шүйгін жерлері тартып әперілді. Қазақ шөл және шөлейт, т.б. құнарсыз жерлерге еріксіз ығыстырылды. Қазақ тұратын аймақтар өлкелерге бөлініп, бірлік пен тұтастық бұзылды.

Осындай теңсіздіктен туған наразылықтардың басы-қасында ұлттық интеллигенция өкілдері болды. Оны хат, жолдаулардың мазмұндарынан-ақ байқауға болады. Осы зиялы топтар бірте-бірте әлеуметтік саяси күшке айнала бастады. Олар сан жағынан өте аз болғанымен, көбісі Ресей орталықтарында оқып, саяси күрестің алғашқы қыр-сырын ұғынғандар болатын.

Міне, сондай, кейін Алаш атына ие болған қозғалыстың ақыл айтар көсемі де, оны тікелей ұйымдастырар жетекшісі де Әлихан Бөкейхан болды. Ол ұлтының азаттығын мұрат еткен жастарға: “Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді”, – деп кеңес берген-ді.

Сол кездегі Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт зиялылары патша үкіметінің отарлық саясатына ашықтан-ашық қарсы шығудың әзір ерте екенін түсінді. Сондықтан саяси ұстамдылыққа барып, халықты алдымен қараңғылықтан шығарудың жолын іздеді. Мұны Әлихан Бөкейханның 1905 жылдың қарашасында Мәскеуде өткен жергілікті және қала қайраткерлерінің съезінде сөйлеген сөзінен айқын байқауға болатын еді. Ол қазақ халқына таяудағы қажеттіліктер – ана тіліне, дін мен сайлауға бостандық туралы мәселелерді көтерді.

Алаштың саяси тобының алғашқы ізденістері нәтижесінде жасаған тұжырымы – қазақ қоғамын ортағасырлық әлеуметтік-экономикалық мешеуліктен алып шығатын батыстың буржуазиялық қатынас жолы еді. Олар халқының ұлттық ерекшеліктері мен дәстүрлі мәдениетін сақтай және дамыта отырып, қазақ халқын Ресей мен Еуропаның озық мәдениетіне жеткізуді мақсат етті. Әлихан Бөкейхан бұл бағытта рухани мәдениетке ерекше көңіл бөле отырып, оның басты белгісі жұртты жалпы оқуға тарту, газет пен кітап шығару, ғылым арқылы ұлтқа жақсылық жол ашу деп жазды. Қазақтың шығар биігін, алар асуын осыдан іздеді. Мұны Германия жұмысшы қозғалысының көрнекті өкілі А. Бебельдің қаза болуына байланысты және неміс мәдениеті тақырыбына жазылған мақалаларында Ә. Бөкейханның қазақ оқырманын қайраткердің бұқара ісі үшін күресімен, неміс жұртының демократиялық және мәдени дәстүрімен таныстыруынан да айқын аңғаруға болады.

Әлихан Бөкейхан Шоқанның досы, қазақ халқының қамын әр кез есінде ұстаған атақты этнограф ғалым Григорий Потанин туралы мақаласында да қазақ өнер-біліммен ғана басқа жұртпен тең болатынын айта келіп, Потаниннің мына ойын тегіннен-тегін қайталаған жоқ еді: “Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақ ұлын, қызын оқытсақ, “Қозы-Көрпеш – Баянды” шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа нақты білер еді-ау. ...Қазақ жұрты келешекте кіммен болса да қатар отыруға ұялмайды”.

Тұңғыш орыс революциясы сан ғасыр сіресіп келген патшалық жүйені ғана бұзып қойған жоқ. Бұл әлеуметтік ерекше серпіліс, сонымен қатар, еуропаша білім алып, Батыстың демократиялық екпінін сезген, саяси дайындығы жеткілікті, рухани байлығы мол алдыңғы қазақ зиялыларының жаңа сапаға көтерілуіне жол ашты. Мұның ең бастысы, Алаш қозғалысының көсеміне айнала бастаған Ә. Бөкейхан Ресей империясының отарлық саясатына жеке-дара күрестің нәтижесіздігін, белгілі бір ұйымдық күштердің қажеттілігін басқалардан бұрын сезінді. Ол халықтың әлеуметтік-саяси санасын көтеруде, ұлт-азаттық күрес жолында баспасөздің ерекше рөл атқаратынын жақсы білді. Сондықтан қазақтың

тұңғыш басылымы “Дала уәлаятының газеті” жабылғаннан кейін қазақ тілінде газет шығаруға бар күш-жігерін салады. Ол кезде қазақ тілінде мектеп ашу да, газет шығару да цензураның қатаң қадағалауынсыз шешілмейтін аса күрделі мәселе болатын. 1913 жылы Әлихан Бөкейханның беделінің арқасында орталықтағы, жергілікті қоғам қайраткерлерінің көмегімен “Қазақ” газеті ашылады. Сондықтан да оны қазақтың баспасөзін алғаш ұйымдастырушылардың бірі деп санаймыз.

1918 жылы шығуын тоқтатқанша “Қазақ” газеті Каспий теңізі мен Қытайға дейінгі ұлан-ғайыр аумақта орналасқан қазақтар арасында ең көп тараған және ең сүйіп оқитын басылым болды. Оны алғашқы кезде 3000-нан астам адам жаздырып алса, кейін, жабылар алдында оның таралымы 8000-ға жетеді. Мұның сол кез үшін үлкен жетістік болғаны даусыз. Газеттің алғашқы санында жарияланған “Құрметті оқушылар!” атты арнау мақалада “газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды”, деп жазылуы басылымның негізгі мақсаты мен көздеген мүддесін айқын аңғартатын.

Сол кездерде-ақ газет шығару мәселесінде Еуропа көш ілгері кеткен болатын. Онда газет – ғұмыр айнасы, газетке ерекше мән беріліп, ол ұлы патшалықтың бірі деп саналатын.

Осыларды жаза отырып, Ә. Бөкейхан “Ашық хат” атты мақаласында қазақ қоғамындағы газеттің орны, оны шығарудың қиындықтары мен проблемаларын арнайы сөз етеді. Ол: “Газетаны күйлеп, жаратып бәйгеге қосуға өз алдына шебер, білгіш, жүйрік керек...

Газетаға басшы болу кім болса, соның қолынан келмейді. Газета ісі үй ағаш болса, басқарма мұның тезі болады... Тілші, хабаршы – газетаның отыны”, дейді. Алаш басшыларының басылымға қойған осы биік талаптарын бүгінгі тәуелсіздікпен келген ақпарат тасқынында ескере түссек, артық болмас еді.

Капитализмнің етене енуімен Ресейде әртүрлі партиялар саяси сахнаға шығып, өз мақсаттарын айқындай бастады. Бұл үдерісті жіті бақылап отырған Әлихан Бөкейхан Санкт-Петербургтегі әуелі “Халық бостандығы”, кейін “Конституциялық демократия” (қысқаша – “Ка-Де-т”) деп аталған партияның мүшесі болды. Оған өзінің идеяластарын да тартты. Алайда кейінгі уақыт көрсеткендей, бұл партияның орталықтағы басшыларының жер туралы, шіркеуді мемлекеттен бөлу, т.б. қазақ қауымы үшін аса маңызды мәселелер жөніндегі ойлары Алаш басшыларының ұстанымынан тіптен бөлек еді. Сол кездегі “Сарыарқа” газетінде басылған “Ұлы орыс үстемдігі” атты редакциялық мақалада: “Орыстың қай партиясын, қай табын алсаң да, орыспен басқа жұртты тең ұстағысы келмейді. Қай жерде, қашан болса да, орыс жұртын жоғары тұтып, өзге жұрттарға соның қожалығын жүргізгісі келеді де тұрады. Лепірген қызыл тіл, әдемі сөздері, бәрі іс жүзінде ұмытылады. Орыс тілегі оң болып, оған өзге жұрттың тілегі құрбандыққа шалынады... Әйтеуір, орыстың қай партиясын алсаң да, көздейтін мақсаты бізге, біз сықылды табы бөлек жұрттарға ерік беріп, тең тұту ғана емес, өзі ғана қожалық құрып, билеп тұрмақ, мойын ұсындырып, айтқанына көндірмек”, деген сөздері шындықтан туған болатын. Осындай себептерден Әлихан Бөкейхан ұлттық мүдделерді көздейтін өз алдына партия құруды мақсат етті. Ол 1917 жылғы Бірінші бүкілқазақтық съезде сөйлеген сөзінде Алаш қозғалысының ұйымдық күшін арттыра түсу мақсатында оны бір орталықтан басқару үшін қазақтың саяси “Алаш” партиясын құру туралы айтқан-ды. Ондай партия осы съезде құрылды да.

Қазақтың арғы-бергі төл тарихында терең із қалдырған “Алаш” сияқты партияның саяси сахнаға шығуы, біріншіден, патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатының терең дағдарысын көрсетті; екіншіден, Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялыларының саяси-құқықтық және рухани мүмкіндіктерін байқатты; үшіншіден, қазақ қоғамын жаңа саяси-экономикалық және әлеуметтік негізде қайта құруды күн тәртібіне қойды. Мұны “Алаш” партиясының бағдарламасы айқын танытады.

Партия бағдарламасы Қазақ елінің өзін-өзі басқаратын мемлекеттік жүйесін құру, ішкі Ресейден қоныс аударушыларды тоқтату, әлемдік озық тәжірибеге сүйену арқасында

өмірдің жаңа сұраныстарына жауап беретіндей қазақ қоғамын демократиялық мұраттар бағытында өзгерту, ұлттық білім және мәдениеттің дамуына кең жол ашу сияқты сол кездегі қазақ қоғамы үшін ерекше өткір мәселелерді көтеріп еді.

Кейін Алашорда үкіметінің негізгі заңына айналған бағдарламаны оқи отырып, бүгінгі заман биігінен қарағанда Алаш көсемдерінің өз кезіндегі адамзат баласының қол жеткен әлеуметтік, саяси-құқықтық мұраларынан толық хабардар болғандарын аңғару қиын емес. Ә.Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары, түптеп келгенде, отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқасты болған ұлттық мүддені қорғап, Қазақ елін Еуропаның өркениетті елдері қатарына алып шығатын дұрыс та төте жол – ұлттық мемлекет орнатуды мақсат етті. Бірақ ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыру идеясын ғасырлар бойы көшпелі қазақ қоғамының ата дәстүр- салтымен, әдеттік құқық рәсімдері және сан ғасырлық қазақ өмірінде айрықша рөл атқарған билердің ісімен байланыста қарады. 1917 жылғы 24 маусымда “Қазақ” газетінде басылған “Тағы жалпы қазақ сиезі” атты редакциялық мақалада қазақтың егеменді мемлекетін құру мәселесі арнайы сөз болады. Алаш көсемдері өз алдына заң шығарушы органы, ақшасы, барлық шаруашылық ісі, темір жол, пошта, телеграф сияқты істерінің бәрі де өзінде болатын, жер-су мәселесінің билігін өзі шешетін, өз алдына әскер ұстайтын автономияның мемлекеттік түрін қалайтындықтарын ашық айтты. Олардың ойынша, мемлекет өзіне керектінің барлығын өзі ойластырып, өз қамын өзі жасауы қажет.

Өзін-өзі билейтін тәуелсіз мемлекеттілікті қалпына келтіру идеясы 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынборда өткен екінші бүкілқазақтардың съезінде жүзеге асты. Съезд Алаш облыстарын сол кездегі бүліншіліктен қорғау мақсатында 25 кісіден тұратын Уақытша ұлт кеңесін құрды. Оның төрағасы болып Әлихан Бөкейхан сайланды.

Ұлттық еркіндік пен дамудың алғышарты болып табылатын ұлттық мемлекетті Әлихан Бөкейхан буржуазиялық демократиялық республика ретінде ұғынды. Ол бұл бағыттағы ойын патша өкіметі құлап, Ақпан революциясы жеңгеннен кейін-ақ: “Біздің ұранымыз – “демократиялық республика” деп ашық жазған болатын. Бұл мәселелердің бәрін “Алаш” партиясы кеңестік қантөгіс жолымен, таптық негізде емес, ұлттық бірлік негізінде, эволюциялық жолмен, реформа арқылы жүзеге асырмақ еді. “Алаш” партиясының жобасында: “Федеративті республикада һәр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді”, деп жазылуы жайдан-жай емес-ті.

Әлихан Бөкейхан мемлекетте парламенттік демократияны дамыту үлкен нәтиже беретініне сеніммен қарады. Мемлекеттік Думаға сайланған депутаттар арқылы бар мүмкіндіктерді пайдаланып, ұлт мүддесіне сай келетін реформаларды заң қабылдау арқылы іс жүзіне асыруды өмірдің шынайы талабы деп ұғынды. Алайда, жеке билікке негізделген монархиялық жүйеде бұлай болуы тіпті мүмкін емес еді.

Қазақ мемлекетін құрудың ең өзекті мәселесін Әлихан Бөкейхан адам құқын қорғаудан іздеді. Ол Қазақстанда ұлттық езгі мен теңсіздікті құқықтық жүйелер арқылы бекіткен Ресей империясының отаршылдық әрекеттерін қатаң сынға алып, бұл мәселеде енжарлық таныту, құлдық психологияның жетегінде кету – ұлтқа кешірілмейтін қате деп санады. Ол әр заманның өз рәсім, өз салты болғанымен, адам баласы заң жүзінде құрдас, сондықтан әркім өз құқы үшін таласуы қажет деп есептеді.

Бұл пікірлер осыдан 80 жыл бұрын айтылса да, бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің күн тәртібіне де ерекше қойылып отырғаны айқын. Жеке тәуелсіз мемлекет болғанымызға 17 жылға жуықтаса да, патшалық Ресейдің, кешегі кеңестік кезеңдегі рухани құлдықтан толық арылу күрделі үдеріс екенін өміріміз көрсетіп отыр.

Әлихан Бөкейхан Алаш қозғалысының көсемі ғана емес, осы қозғалыстың шығу тарихын да алғаш жете зерттеген, терең білген ірі ғалым болатын. Ол өзінің “Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері” және “Қазақтар” сияқты монографиялық, т.б. еңбектерінде ұлтының этногенезін, жүздік, рулық құрылымын жан-жақты көрсете отырып, халқының Ресейге қарағаннан кейінгі саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани жағ-

дайларын егжей-тегжейлі зерттеп, отарлау саясатының тууы, дамуы мен зардаптарын барынша терең аша білді.

Отарға айналған Қазақстанда жүргізілген түрлі әкімшілік-басқару реформалары жоғарыдан зорлықпен таңылды. Ресейдің “Дала және Түркістан ережелері” атты заңдарына сәйкес қазақтардың саяси құрылымы өзгерді. Бұл өзгерістер қазақ қоғамының ішкі ерекшеліктері мен сұраныстары ескерілмей жүргізіліп, жергілікті халықтың ұлттық намысы мен сана-сезімі, ежелгі дәстүрлі мәдениеті мен ата салты аяқасты етілді. Атадан балаға мұра болып келе жатқан жер отаршылдар меншігіне көшіп, дәстүрлі қазақ шаруашылығы, тұрмысы терең күйзеліске ұшырады.

Орыстандыру саясатына тән нәрсе – әдепсіздік, озбырлық, қазақ халқының құндылықтарының баршасын дөрекілікпен кемсіту болатын. Билік жүйесінде заң бұзушылықты патшалық әкімшілік тиімді пайдаланды. Болыс сайлауында параға даңғыл жол ашылды. Халықтың сайлауынан өтпесе де, қаржының күшімен болыс болу халық арасында сайлауға деген сенімді жоғалтты.

Ұлттың мәдени өркендеуіне де кедергілер қойылды. Орыс басқарушылары жергілікті халықтың тілін білмеді. Олар тек шала сауатты тілмаштар арқылы ғана жұмыс істеді. Далалық облыстарда, тіпті болыс кеңсесінде барлық хат алмасу, іс қағаздары орыс тілінде жүргізілді. Қазақ балаларының оқу-біліміне көңіл бөлінбеді, қазақтың бастауыш мектептеріндегі мұғалімдерден орыс тілін білу талап етілді. Мектеп ашу мен медресе салу үшін айрықша рұқсат қажет еді, сол себепті қазақ өз жерінде, өз елінде отырып, мектеп пен мешітті жасырып салып, жасырын ұстады. Бұл қазақ балаларының еркін білім алуына әдейі қойылған тосқауыл болатын.

Қазақтардың әлеуметтік қатынастарында да кері өзгерістер пайда болды. Бұрын қазақтар арасында туысқандық байланыс күшті болатын, олардың барлығына ортақ ұран – аңызға айналған тұлға Алаш еді. Алайда, бір жағынан, патша өкіметінің орыстандыру саясатының, екінші жағынан, қазақ халқының бұрынғы рулық бірігуі діни-саяси сипатқа ие болуына байланысты орыс әкімшілігі ислам насихатына кедергі келтірді. Діннің адамгершілік талаптарын өмірлік ұстаным санап келген халықтың алды тоқырауға ұшырады.

Отарлау саясатының ең жиіркенішті көрінісі – 1907 жылғы маусымда екінші Мемлекеттік Дума қуылғанан кейін шыққан “3-ші июнь законы” еді. Осы заңға байланысты халқы надан, депутаттық олардың қолы емес деген желеумен бүкіл қазақ депутатсыз қалды. Сөйтіп, қазақ мәселелері бөтен халық сайлаған депутаттардың қарауына көшті. Думаның тәжірибесі дәлелдегендей, олар өзге ұлттың мәселелерін терең зерделей алмады. Әлихан Бөкейхан қазақ халқының алдына тарих қойған өткір сұрақтарға жауап бере алған қаламы жүйрік публицист те еді. Оның айрықша назарға алған мәселесі де, қазақ мемлекеті үшін ең үрейлі қатер деп санағаны да жер мәселесі болатын. Оның терең әлеуметтік һәм саяси себептері жеткілікті еді.

Столыпин заңдарынан кейін Қазақстанға ішкі Ресейден жерсіз шаруалардың топ-тобымен ағылуы өлкеде жер мәселесін асқындырып жіберген-ді. 1891 жылғы 25 наурызда шыққан Дала ережесі 120-бабының қосымшасына сәйкес, қазақтан артық жер алынатын болды. Мұны жүйелі жүргізу мақсатында патша өкіметі 1904 жылы Петербургте Қоныс аудару және жерге орналастыру бас басқармасы мен оның жергілікті мекемелерін құрды. Жаңа қоныстанушыларға жер бөлінгенде, қазақтар отырған мекен-жайынан көшіріліп, бұрыннан пайдаланып келе жатқан мал өсіруге аса қолайлы жерлерінен: шабындық, қыстық жайылым, егістіктерінен тастақ, құмды, сортаң жерлерге ығыстырылды. Мемлекеттік шенеуніктер мұнымен де шектелмей, қазақтардың мешіттерін, көшер жолдарын, көлдерін, құдықтарын, жақсы суаттарын да келушілерге бөлінген аймаққа қосып жіберіп отырды. Бұл жөнінде қазақтардың арызданғандарынан ешнәрсе шықпады. Жергілікті орыс билеушілері мұны әсте елемей, мәселені ылғи қоныстанушылардың пайдасына шешіп отырды. Ең қиыны, қазақ меншігіндегі жер билігінің өзге қолға өткендігінде болды.

Сөйтіп, қазақ өлкесінің тікелей тағдырлы әлеуметтік-саяси мәселесіне айналған жер қазақтың алдыңғы қатарлы зиялы қауымына не істеу керектігін күн тәртібіне қойды. Бұл қазақ халқының әлеуметтік тағдырына қатысты күрделі де өткір тақырыпқа Әлихан Бөкейхан үлкен дайындықпен келді. Ол Ресей империясының жер қатынастары мәселесін теориялық және тәжірибелік жағынан терең меңгерген болатын. Бұған оның Мәскеуде алған терең білімі мен патшалық Ресейдің жер жөніндегі министрлігі 1896-1901 жылдары Ақмола, Семей және Торғай облыстарына қарасты 12 уезін қамтыған Ф.А.Щербина бастаған экспедиция жұмысына қатысып, көшпелі шаруашылықтың жер пайдалану әдіс-тәсілдерін, аймақты этностық жағынан, жағрапиялық ерекшеліктері мен тарихи даму тұрғысынан зерттегені көп көмектесті. Экспедиция қазақ даласының шаруашылығын (отбасын, қора-қопсысын, жайлауы мен қыстауын, егіндік-шабындық жерлерін, орман-тоғай, жер-суын, т.б. есепке алу) жан-жақты зерттеуге, тиісті жерлерді картаға түсіріп, орыс шаруаларының қоныс аударуына байланысты ғылыми негіздемелер дайындап, нақты практикалық ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Экспедицияның ғылыми негіздемелер мен практикалық ұсыныстары Алаш басшыларының белгілі бір ұстанымын қалыптастырды. Әлихан Бөкейхан алдымен жерді патшалық билік тұсында үлестен тыс қалып келген жергілікті халыққа беруді жақтады. Сонан соң ол жерді сатуға тыйым салуға, меншік есебінде үлестіріп беруге қарсы шықты, өйткені, егіншілік мәдениетін толық меңгермеген қазақ шаруасы көрші қоныстанушыларға өз үлесін сатып, жерсіз қалуы мүмкін еді.

Әлихан Бөкейхан “Қазақ” газеті бетінде жарияланған ғылыми негізі терең, дәлелі тиянақты публицистикалық мақалаларында қазақ оқырманына патшалық Ресейдің отаршыл аппаратының зорлығын, жасап жатқан айласын жан-жақты сынап, әшкерелеп, сол арқылы халықтың көзін ашып, әлеуметтік шындыққа жетеледі. Патшалық әкімшілік тарапынан болып отырған әділетсіздікті көріп-біліп отырған ол: “Өстіп жұртты билеген патшалық бар ма екен? Біздің патшалық конституциялы емес пе, біздің патша қол астындағы адамның бәріне бірдей әділ емес пе? Біздің қазақ жерінен күнде көшіретіндей не жазып еді?”, деп ашына жазды.

Қай заманда болса да қоғамның демократиялық барометрлерінің бірі сайлау жүйесі болып табылады. Өз елінің осы бағыттағы дамуын мұрат еткен Әлихан Бөкейхан өзінің “Сайлау”, “Сайлау құқы”, “Комитет сайлау” және “Қазақ депутаттары” атты мақалаларында қазақ даласындағы сайлаудың берекесіздігін отарлық саясаттан көрді. Сайлауда болыс, би, елубасы, старшин болып, дұшпаннан кек алмақ, момын бұқара халыққа алым-шығынды аударып тастап, бай болуды ойлағандарды қатал сынға ала отырып, үш жылда бір болатын сайлаудың қазақ даласына әкеліп жатқан жақсылығы шамалы екенін ашық айтты. Ол төрдегі басын есікке сүйреп, арқасын жауыр, құйрығын шолақ қылып, атының майын параға беріп, адасқан сорлы қазақтың болыс, би, старшын, елубасы болғанына налыды.

Қазаққа Батыс сайлауын үлгі ете отырып, Әлихан Бөкейхан Еуропа жұртының сайлауы халықтың үлкен тойы екенін, Еуропада халық партия болғанда адаспас ақ жол, адам адаспас асқар бел, жұрт ілгері басатын іс қылатынын, сайланған адам халық қызметшісі, һәр орынға сайланғанда мынау білгіш, мынау шешен, мынау көсем, мынау әділ деп әрқайсысы өз орнына сайланатынын атап көрсетті.

Қазақ даласындағы ауылнай, болыс сайлауларын көріп-біліп отырған Әлихан Бөкейхан қазақ даласына әділ Англия билігін өнеге қылады. Таласпен болған биде не қасиет, не әділдік болады деп налиды. Қазақтың бүлініп жүргенінің себебі әділ биліктің жоқтығынан екенін айта отырып, ол: “Шариғатта қисық билік айтқан бидің орны дозақта деген. Осы билерді біздің қажы, молла ақсақалдар жетелеп жүр. Бұл қалай? Мұсылманшылықтарың қайда?”, деп жұрттың намысын оятқысы келеді.

Әлихан Бөкейхан – қазақ қоғамының алдында тұрған сан алуан міндеттерді шешу халықтың бірлігі негізінде ғана мүмкін екенін терең түсінген қайраткер. Ол, сонымен қатар, Еуропамен салыстырғанда қоғамдық мешеуліктің себеп-салдарын халықты

билеушілердің надандығымен бірге ел бірлігінің жоқтығынан көрді, оны “байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзалардан” іздеген болатын. Әділдік болмаған жұртта береке, бірлік болмайды деп санады. Оның үстіне Қазақстанның Ресейге қосылғаннан кейінгі отарлау ісі де негізінен қазақ қоғамын іштей әлсірету мақсатында оның жүзі мен руына қарсы бағытталған болатын. Өйткені, дәстүрлі қазақ қоғамының бірлігі бұл факторларды есепке алатын. Қазақ халқына әлеуметтік жіктелуден гөрі ортақ мүдде үшін бірліктің әлдеқайда тиімді екенін Әлихан Бөкейхан жақсы білді. Сол себепті большевиктердің таптық жіктеу саясатына ұлттық тұтастықты қарсы қойды. Халықты бостандыққа апаратын жалғыз жол ұлттық ынтымақ деп түсіндірді. Ол, сонымен қатар, қазақ халқының басқа халықтармен достығын да ойлады.

Отарлық жағдайда жергілікті халық пен Ресейдің ішкі аймағынан келгендердің арасында келіспеген жағдайлар аз болмады. Оған көбіне-көп билеушілер кінәлі еді. Ал 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін ел ішінде біршама оң өзгерістер пайда болды. Енді патшалық әкімшіліктің жергілікті құрылымдары жойылып, отаршылдық саясат әлсіреп, байырғы тұрғын қазақ пен кейін қоныстанған орыс арасында жаңаша қатынастар бой көрсете бастады. Әлихан Бөкейхан “Торғай облысының мұжық-қазағының съезі” атты мақаласында бұрын үкіметтің саяси әдісінің салдарынан қазақ пен мұжық біріне-бірі жау болса, енді “мұжық пен қазақ қол алысып, бауыр болып құшақтасып” ортақ мәселені, мысалы, жер туралы мәселені бірге шешіп отырғанын жазды. Халқын “мұжық көрші отырып, бостандық, құрдастық, туысқандық шарапатын пайдаланғанда, ілгері басқанда” кейін қалып жүрмеуге үгіттейді.

Әлихан Бөкейхан – өз кезіндегі халықаралық саясат мәселесіне де талғампаз көзқарасын білдіріп отырған тұңғыш саяси сарапшы. Ол осы тақырыпқа арналған мақалаларында моңғол, қытай, жапон және Батыс елдері арасындағы қатынастарды сарапқа салып, “құшақтасып дос болып, аяғында итше ырылдасқан”, “бас салып, әлі келгенді тал түсте талап алатын, ұят, абыройдан тысқары” еуропалық патшалықтарды сынады. Олардың “ғұмыр жүзінде бір-біріне қасқыр” әрекеттеріне бірнеше нақты мысалдар келтіреді. Көреген саясаткер Австрия бастаған 1914 жылғы соғыстың болашағына болжам жасайды. Оған Германия, Ресей сияқты елдердің тартылатынын күнілгері айтады.

Әлихан Бөкейхан – ірі ғалым, көреген саясаткер ғана емес, қылышынан қан тамған большевиктік өктем саясатқа қасқайып қарсы тұрған, кеңестік шындыққа бетпе-бет келген бірден-бір қайсар тұлға. Ол “найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен болған үкіметті” қалбылдай алған жоқ. Оның: “1905 жылы 9 январьда астанадағы (Сакнт-Петербург – автор) неше мың жұмысшылар бостандық бер деп Николайға барған. Николай бұларға пулемет бостандығын көрсеткен еді. Большевик Николайдың аяғын құшты. Николайдың да, мұның емшектес інісі большевиктің де пулеметтеп жатқаны жалпы жұрт, екеуінің де сүйенгені қараңғы солдат”, деп жазуы осы қайсарлықтың жарқын көрінісі еді. Мұстафа Шоқай сөзімен айтқанда, “ол (Ә. Бөкейхан – автор) өз халқына жат пролетариат қозғалысы мен пролетариат диктатурасының кесір-кесапатын жұрттың бәрінен бұрын сезді, түсінді. Ол Сталинге өзінің осы көрген-білгендерін батыл да ашық айтқан болатын”. Осылар үшін ол “буржуазиялық ұлтшыл” аталып, жазықсыз қудаланды, атылды. Қайта құру кезеңі ғана оның ардақты есімін халқына қайтарды.

Халқының бостандығы мен азаттығы, болашағы мен бақыты жолында жан сала күрескен, сол жолда құрбан болған Әлихан Бөкейханның сан салалы асыл идеялары бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында бірте-бірте жүзеге асуда. Кезінде Алаштың Әлиханы атанған ұлтымыздың ұлы перзентінің халқына жасаған ұшан-теңіз еңбегі, рухани асыл мұралары қазақ өз елінің иесі болып тұрғанда мәңгі жасай бермек.

Сөз соңында Әлихан Бөкейхан сияқты Алаштың ардақтыларын халқымыздың есінде қалдырудың жолдарын әлі де ойластыра түскен жөн. Біріншіден, Әлихан Бөкейханның қолда бар еңбектерінің толық жинағын шығарған абзал. Қазіргі кітапханаларымыз оған сусап отыр. Осыдан он-он бес жыл бұрын шыққан кітаптардың тозығы жетті. Кейінгі екі

томдық басылымды кез келген кітапханадан таба қою қиын, өйткені, ол өте аз тиражбен басылған. Сондай-ақ еңселі елордамызда тәуелсіз ұлттық мемлекет құру жолында асыл ғұмырларын құрбандыққа шалған Алаш қозғалысының саяси топ басшыларының алаң-аллеясы жасалып, онда ардақтыларымыздың мүсіндері лайықты орын тауып жатса, нұр үстіне нұр болар еді.